

«Жанақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК - ның «Быз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы

№ 1 хаттама

15.03.2024ж

Жанақорған кенті

Төрағасы: Т.Шарап
Хатшы: Н.Асанов
Қатысқандар: 117 адам
Қатыспағаны: 9 адам

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу

Тыңдалды Колледж директорының м.а. Т.Шарап- Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа кең көлемде таралған. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын тежейді. Қоғамда сыбайлас жемқорлық көп таралғанын байқауға болады. Пара алу, пара беру, таныс бәрі сыбайлас жемқорлықтың салдары: мемлекетке, саяси өмірге, адамға зиянын тигізіп жатады. Одақ дамуына, болашақ өскен ұрпаққа сыбайлас жемқорлық зиян тигізбесе пайда алып келмейді. Сол себепті онымен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына айналғанын атап өтті.

Келесі сөз: Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары Б.Исмайлов Сыбайлас жемқорлық – заман ағымымен бірге өсіп – өркендеп, мал қаражат бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған дерттің бірі. Бұл дерт дамушы елдердегіі біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіп отыр.

Әрине сыбайлас жемқорлық дәрі береіп емдетеін сырқат емес. Айналасындағы сауатсыздықты, таза және сау ортаны шаршып, тыныс – тіршілігін тарылтып, зансыз әрекеттермен қоғамдық ортаны және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті салдырмаудың тетігі халақтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып қоғамға таралуын жолдарын кесіп, оның ұлғаюуына жол бермеу керек деп санаймын. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық деп санаймын деп пікірін білдірді.

Келесі болып, колледж әдіскері Қ.Әбілбашаров Қазіргі таңда жемқорлық заманмен бірге өсуде. Ол бүкіл елдердің үлкен проблемасына айналды. Өзіміздің Қазақстанды осы елдердің қатарына кірді. Сыбайлас – жемқорлықтың әсерінен Қазақ елі жаны-шегуде. Иә әрине еліміз дамымақты дейміз. Жемқорлық тоқтамай еліміз қалай дамысын. Экономикамызды төмендеуде жемқорлықтың арқасында. Егер бұлай жалғаса беретін болса еліміздің ертеңі жоқ. Иә бірақ еліміздің ертеңі жемқорларды қызықтырсын ба. Сол жемқорларды түсінбейм, арам ақшамен қай жерге дейін барам деп ойлайды екен олар алдында күтіп тұрған қабірді ұмытқан секілді. Баяғының хандарыда бейлеріде ерлерде жерім елім десе, қазіргінің адамдары тек өзін дейтін секілді. Адамгершілікті ұмытып бара жатқан секілді. Олар өмірге малқ – мүлк жинап бай болу үшін келген сияқты өмір сүреді. Иә әрине барлық адам байлыққа қызығады, шылқып тасып өмір сүргісі келеді. Иә байсын бірақ біреудің қаксып жиі емес. Ол арам ақшаның берекейде болмайды, ол байлық ішінің жанында мәңгі тұрақтамайды

Келесі сөз: Колледж заңгері Г.Алтыбаева – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Келесі болып оқытушылар өз ойларын ашып айтты, пікірлерін білдірді, ұжымда сыбайластықты болдырмау үшін жұмыла жұмыс жасайтынын жеткізді.

Қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ұжымға үнемі түсіндіру жұмыстары жүзеге асырылсын;
Жауапты: Колледж заңгері Г.Алтыбаева

Төраға: _____ Т.Шарап

Хатшы: _____ Н.Асанов